

ЖОБА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ
ЖТН АР26103509 " Қазақстандағы сыртқы көші-қон мен
мигранттардың бейімделуінің гендерлік аспектісі"

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Халықаралық көші-қон оның гендерлік құрылымының өзгеруіне ұшырап отыр, соның нәтижесінде әйелдердің мобильділігі артып келеді. Қазіргі шетелдік миграциялық зерттеулерде гендердің рөліне, сондай-ақ гендерлік бейімделу мәселелеріне көбірек назар аударылуда. Көші-қон қазіргі қоғамдағы әйелдердің жағдайын өзгертіп, жаһандану жағдайында олардың әлеуметтік, экономикалық және кәсіби дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осы мүмкіндіктерді жүзеге асыруға қажетті нормативтік-құқықтық базаның жеткіліксіздігі жағдайында әйел-мигранттар қабылдаушы қоғамдарда бейімделу және интеграция мәселелерімен бетпе-бет келіп, дискриминация мен қанау қаупіне неғұрлым осал болады.

Зерттеудің өзекті бағыты – әйелдердің көші-қон мінез-құлқын, уәждерін және оларды көші-қонға итермелейтін факторларды зерделеу. Сонымен қатар, әйел-мигранттардың бейімделу мәселелерін талдау қоғам мен тиісті құрылымдарды жағдайды жақсарту және гендерлік теңгерімді көші-қон саясатын жүргізу үшін қажетті шаралар туралы ақпараттандыруға мүмкіндік береді. Бұл мәселені зерттеу қазіргі миграциялық және гендерлік зерттеулерге жаңа үлес қосады.

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ

Сыртқы көші-қонның гендерлік аспектісін зерттеу, Қазақстандағы көші-қон саясатын іске асырудағы гендердің рөлін айқындау және гендерлік тәсілді ескере отырып, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және мигранттарды бейімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

1. Зерттеу тақырыбы бойынша материалдар жинау; гендерлік көші-қон мәселесіне қатысты теориялық тәсілдерді зерделеу; көші-қон процестерін зерттеуде гендерлік тәсілді жинақтау және жүйелеу негізінде зерттеудің теориялық-әдіснамалық тұжырымдамасын және әдістемелік құралдарын әзірлеу.
2. Көші-қон саясатының отандық нормативтік-құқықтық базасын, сондай-ақ мигранттарға қатысты гендерлік саясатты қалыптастыру мен іске асырудың халықаралық тәжірибесін зерделеу.
3. Қазақстандағы сыртқы еңбек көші-қоны ағындарын зерттеу; сыртқы көші-қонның гендерлік ерекшеліктерін және даму үрдістерін анықтау. Көші-қон айналымының қарқындылық коэффициентін, еңбек ресурстарының өсім коэффициентін (2010–2024 жж.) есептеу. Әйел-мигранттардың көші-қон мінез-құлқы мен уәждерінің факторлары мен себептерін, сондай-ақ олардың Қазақстандағы бейімделу мәселелерін зерттеу.
4. Әйел-мигранттар арасында социологиялық сауалнама жүргізу.

5. Қазақстандағы әйел-мигранттардың бейімделуінің негізгі мәселелерін анықтау. Қазақстандағы әйел-мигранттардың «әлеуметтік-демографиялық портретін» құрастыру.

6. Гендерлік тәсілді ескере отырып, көші-қон саясаты мен сыртқы көші-қонды реттеу тетіктерін жетілдіру бойынша уәкілетті органдарға ұсынымдар әзірлеу.

ҚҮТЫЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

1. Зерттеу тақырыбы бойынша материалдар жиналды. Гендерлік көші-қон мәселесіне қатысты теориялық тәсілдер зерттелді. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық тұжырымдамасы әзірленді. Көші-қон процестерін зерттеуде гендерлік тәсілді жинақтау және жүйелеу негізінде әдістемелік құралдар әзірленді.

2. Көші-қон саясатының отандық нормативтік-құқықтық базасы зерттелді. Қазақстандағы сыртқы көші-қонды реттеуде гендерлік тәсілдің бар-жоғы анықталды. Мигранттарға қатысты гендерлік саясатты қалыптастырудың халықаралық тәжірибесі зерттеліп, талданды.

3. Қазақстандағы сыртқы еңбек көші-қоны ағындары зерттелді. Сыртқы көші-қонның гендерлік ерекшеліктері мен даму үрдістері анықталды. Көші-қон айналымының қарқындылық коэффициенті, еңбек ресурстарының өсім коэффициенті (2010–2024 жж.) есептелді. Әйел-мигранттардың көші-қон мінез-құлқының факторлары мен себептері, сондай-ақ бейімделу мәселелері зерттелді.

4. Әйел-мигранттар арасында социологиялық сауалнама жүргізілді. Зерттеу тақырыбы бойынша монография жазылып, жарияланды.

5. Әйелдердің көші-қон мінез-құлқының детерминанттары, себептері мен факторлары анықталды. Қазақстандағы әйел-мигранттардың бейімделуіндегі негізгі қиындықтар мен мәселелер айқындалды. Социологиялық сауалнама негізінде олардың «әлеуметтік-демографиялық портреті» құрастырылды.

6. Гендерлік тәсілді ескере отырып, көші-қон саясатын жетілдіру бойынша уәкілетті органдарға ұсынымдар әзірленді. Зерттеу нәтижелері жинақталып, апробациядан өтті. Зерттеу тақырыбы бойынша монография жазылып, жарияланды.

ЖАРИЯЛАНЫМДАР:

– Social Science Citation Index, Science Citation Index Expanded, Arts and Humanities Citation Index және/немесе Web of Science базасында индекстелетін немесе Scopus базасында CiteScore көрсеткіші бойынша кемінде 35 пайыздық көрсеткіші бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда 3 мақала.

– КОКНВО ұсынған отандық рецензияланатын басылымдарда 5 мақала. Олардың біреуі «multidisciplinary» (көпсалалы немесе пәнаралық) санатына жатады.

Немесе:

– Social Science Citation Index базасында индекстелетін және Web of Science базасында импакт-факторы бойынша 1 немесе 2 квартильге кіретін немесе

Scopus базасында CiteScore көрсеткіші кемінде 50 болатын рецензияланатын ғылыми басылымдарда 2 мақала.

– КОКНВО ұсынған отандық рецензияланатын басылымдарда 4 мақала. Олардың біреуі «multidisciplinary» (көпсалалы немесе пәнаралық) санатына жатады.

– Жоба аяқталғаннан кейін 2 жылдан кешіктірмей диссертация қорғаумен 1 философия докторы (PhD) даярлау.